



ЖОО-дағы физиканы оқытудың заманауи әдістері



Д6. Педагогиканын нормативтік қызметін керсететін дидактика категориялары ретінде оқыту принциптері. Оқыту заңдылықтары мен принциптерінің арақатынасы.

Оқыту – мұғалімнің белсенділігі емес, оқушының белсенділігімен өлшенеді.

қауымдастырылған профессор Туреханова К.М.



Лекция мақсаты және күтілетін нәтижелер

- Дидактиканың нормативтік (реттеуші) қызметін түсіндіру;
- Оқыту заңдылықтарының мәнін ашу;
- Принциптердің осы заңдылықтардан туындайтынын көрсету;
- Физика сабағын/дәрісін жаңа принциптер негізінде жобалай алу.



Дидактика – педагогиканың нормативтік бөлігі

- Дидактика «қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауап береді;
- Нормативтік қызметі – оқыту үдерісіне қойылатын талаптарды белгілеу;
- Осы талаптар принциптер жүйесі ретінде көрінеді;
- ЖОО-дегі физика курстары осы принциптерге сүйенуі тиіс.

"Дидактика" - бұл ежелгі грек сөзі, яғни didasko - оқыту, түсіндіру, дәлелдеу, оқу деген ұғымды білдіреді. Дидактика білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

Әл-Фараби оқыту дегеніміз - үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру дейді. Оқыту - мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі - мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті.

Көбіне оқыту деп мұғалім мен оқушының бірлескен, мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекетін айтады. Оның барысында жеке тұлға дамып, білім алады, тәрбиеленеді. Дәстүр бойынша оқыту екі бөліктен тұрады. Оқыту және білім алу. Оқыту - оқыту мазмұнын алу процесі. Дәстүрлі оқытуда білім алуға қарағанда оқыту басым болғандықтан оқу материалын оқытуға баса назар аударылып, оқушылардың іс-әрекетіне назар аударылмайды. "Оқыту - үйрету және білім алу" деген парадигманың ұзақ тарихы бар. Ол әлі сақталуда. Себебі, мұғалім ұзақ уақыт оқушыға ақпарат беретін негізгі тұлға болып келді. Осы кезге дейін "білім беру", "оқыту" терминдері жиі қолданылады.

Демек, оқыту дегеніміз - оқушылардың ғылыми білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруі, шығармашылық қабілеттерін дамыту, дүниетанымын, адамгершілік, эстетикалық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру үшін мұғалімнің белсенді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруы және ынталандыру іс-әрекеті.

Оқыту заңдылықтары



- Оқытудың мақсат-мазмұн-әдіс-құрал-форма-нәтиже арасындағы байланысы;

- Оқытудың оқушы (студент) белсенділігіне тәуелділігі;

Оқыту мен даму бірлігі (Выготский);

- Мазмұнның ғылым дамуына және қоғам сұранысына тәуелділігі;

Кері байланыстың (бақылау және бағалау) сапасына тәуелділік

Оқыту принциптері – дидактиканың негізгі категориялары

Оқыту принциптері – білім беру процесін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың негізгі қағидалары. Олар оқытудың мақсаттары мен заңдылықтарына сүйене отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін тиімді дамытуға бағытталған.

Негізгі оқыту принциптері:

- 1.Ғылымилық принципі** – оқушыларға ғылыми негізделген білім беру.
- 2.Жүйелілік және бірізділік принципі** – материалдың логикалық байланысы мен ретімен берілуі.
- 3.Теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі** – алған білімді өмірде қолдану дағдыларын дамыту.
- 4.Көрнекілік принципі** – білімді қабылдауды жеңілдету үшін көрнекі құралдарды қолдану.
- 5.Түсініктілік принципі** – оқыту мазмұны оқушының жас ерекшелігіне сай болуы.
- 6.Белсенділік және саналылық принципі** – оқушының танымдық белсенділігін арттыру.
- 7.Берік және ұзақ мерзімді меңгеру принципі** – оқушылардың алған білімін есте сақтауын қамтамасыз ету.
- 8.Дамытушылық принципі** – оқыту барысында теориялық ойлауды дамыту.



Оқыту заңдылықтары мен принциптерінің арақатынасы

Оқыту заңдылықтары – оқыту процесінің жалпы ережелері мен объективті байланыстары. Олар оқытудың ішкі құрылымын, факторлары мен шарттарын анықтайды.

Принциптер мен заңдылықтар арасындағы байланыс:

- Заңдылықтар – оқыту процесінің объективті негізін құрайды.
- Принциптер – осы заңдылықтарға сүйеніп құрастырылған педагогикалық ережелер.
- Заңдылықтар өзгермейтін объективті құбылыс болса, принциптер дидактикалық мақсаттарға сәйкес өзгеруі мүмкін.



Көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту принциптері

3.1. Көрнекілік принципі

Мазмұны:

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін көрнекі құралдарды қолдану. Бұл принцип оқытуда сезім мүшелерін көбірек қатыстыру арқылы ақпараттың есте жақсы сақталуын қамтамасыз етеді.

Негіздемесі:

- Балалардың қабылдау ерекшеліктерін ескеру.
- Сезім арқылы алынған ақпарат тез әрі берік меңгеріледі.
- Көрнекілік оқушының ойлау қабілетін белсендіреді.

Қолдану тәсілдері:

- Кестелер, диаграммалар, сызбалар.
- Модельдер мен макеттер.
- Бейне және мультимедиа ресурстар.
- Зертханалық және практикалық жұмыстар.

К.Д.Ушинский көрнекілік мәселесіне көп көңіл бөлген. Көрнекілік деп ол барлық сезім организммен қабылдап түсінеді. Ол:көрнекілік балалардың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді. Балалар заттардың пішінін, дыбыстарды бояуы арқылы ойлайды,-дейді.

3.2. Теориялық ойлауды дамыту принципі

Мазмұны:

Оқушылардың дерексіздендіру, талдау, жалпылау қабілеттерін дамыту. Бұл принцип оқушының тек фактілерді жаттап қана қоймай, олардың арасындағы байланыстарды түсінуіне көмектеседі.

Негіздемесі:

- Қазіргі білім беру оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін дамытуды талап етеді.
- Теориялық білім тәжірибеге бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.
- Логикалық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Қолдану тәсілдері:

- Проблемалық оқыту әдістері.
- Дискуссиялар мен пікірталастар.
- Логикалық тапсырмалар мен зерттеу жұмыстары.
- Теорияны практикамен байланыстыру.

Қорытынды

Оқыту принциптері – білім беру процесінің негізін құрайтын дидактикалық ережелер. Оқыту заңдылықтары мен принциптері өзара тығыз байланыста болып, педагогикалық процестің тиімділігін арттырады. Көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту принциптері оқушының қабылдау ерекшеліктеріне сай білімді терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді.